

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 507 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мынадай:

1) «Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 280 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2288 б о л ы п т і р к е л г е н) ;

2) «Күзетілетін объектілерден және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес күзет субъектілері күзететін объектілерден Жедел басқару орталығына, Астана, Алматы қалаларының және облыстардағы ішкі істер бас басқармаларымен Ішкі істер басқармаларының кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 17 мамырдағы № 280 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі № 541 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3871 болып тіркелді және «Заң газет» газетінің 2005 жылғы 27 желтоқсандағы № 178 (802) санында, «Ресми газет» газетінің 2006 жылғы 1 қаңтардағы № 1 (262) санында жарияланды) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаменті (С.В. Пономарев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ